

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

21.12.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АҚ мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздыкбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламаларын қайта қарау және жаңарту, жобалау.
3. ББ-ларына мониторинг ұйымдастыру стратегиясын дайындау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АҚ төрағасы Э.Ж.Халилаева: Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мәселесі қойылған. аталмыш білім беру бағдарламасын жобалау үшін біз сіздермен тренинг өткізсек деп едік.

Еңбек нарығының талаптары – бітіруші түлектер ғылым мен техниканың дамуына үлес қосу үшін қоғам мен еңбек нарығының өсіп келе жатқан қажеттіліктерінің деңгейіне сәйкес пәндік білімі бар құзыреттер пәнаралық және инновациялық дағдыларды біріктіру керек.

Қазіргі жас маманның қалыптасуы мыналарға негізделген жұмыс берушілер, студенттер мен студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту университеттер, әсіресе оқу бағдарламаларын әзірлеуде инновациялық, кәсіпкерлік және зерттеу жұмыстарын арттыру түлектердің әлеуеті.

Осыны ескере отырып, біз екінші мәселеде тұрған 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламаларын қайта қарау және жаңарту, жобалау жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

Бұл жұмыс ұжымдық жұмыс болғандықтан, біз алдымен ұжымдағы қарым-қатынас мәселесін тренинг арқылы анықтап, содан соң БББ-ның мазмұнын жаңарту және жобалау жұмысын жауаптыларға бөлсек деп отырмыз.

АҚ мүшесі М.Б.Джаздыкбаева:

2023-2024 оқу жылында ББ жаңарып, ББ пәндерін жалпы саны өзгерді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш кикл пәндерден құралды. Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) -1680 ак.сағ./56кредит; базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер – 5280 ак.сағ./176 кредит; қорытынды аттестаттау - 240ак.сағ./ 8 кредит пәндерін қамтиды.

Бакалавриат кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға

бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер оқу пәндерін, кәсіби практика түрлерін оқуды қамтыды.

АК мүшесі Г.А.Кайбулдаева: Бүгінгі күн тәртібіндегі екінші мәселе 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту барысында білім беру стратегиясын көрсеткен дұрыс. ҚР ҒжЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Академиялық комитет мүшелері жаңа бұйрықпен таныстырылы. Осы ұсынымда практиканы өткізу туралы барлық нұсқау берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп, оқыту нәтижелері белгіленіп, мәні мен мазмұны қамтылған.

АК мүшесі Мейрбекова Г.П.: ҚР ҒжЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрық бойынша жүктемеге сәйкес практика жетекшілері өздеріне бөлінген практика түрлеріне байланысты практика бағдарламаларының мазмұнын аталмыш бұйрықта көрсетілген оқыту нәтижелерін сәйкестендіріп жаңартуды ұсынамын.

6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының 1 курсындағы «Оқу тәжірибесі» - практика жетекшісі Халилаева Э.Ж.; «Психологиялық-педагогикалық практика» - практика жетекшісі Кайбулдаева Г.А.; «Педагогикалық практика» - практика жетекшісі М.Б.Джаздықбаева; «Өндірістік педагогикалық практика» - практика жетекшісі Мейрбекова Г.П. практика бағдарламаларының мазмұнын қайта жаңарту ұсынылсын.

Педагогикалық практика әрбір курс бойын оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады және келесі практика түрлерін қамтиды:

- 1) оқу (танысу) практикасы (1-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес);
- 2) психологиялық-педагогикалық практика (2-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес);
- 3) педагогикалық практика (3-курс, көлемі 6 кредиттен кем емес);
- 4) өндірістік педагогикалық практика (4-курс, кемінде 15 кредит).
- 5) дипломалды практика (4-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес).

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

ШЕШІМ:


- 1) 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының ішкі аудит есебі қабылдансын.
- 2) Аталмыш БББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны жаңартылып бекітілсін.
- 3) Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:



Э.Ж.Халилаева

Хатшысы:



С.А.Мирзаева